

## ТЕМІРБЕК КӨП, ҚОЖАКЕЕВ БІРЕУ

Ширек ғасырдан бері «журфак» дегенді естісем, есіме ең алдымен Қожакеев түседі. Неге «Қожакеев»? Неге «Темкең» немесе «Темірбек аға» емес? Ата жасқа жеткен, елге танымал, ғылымда да, әдебиетте де, педагогика мен журналистикада да кеңінен мәлім адамды атынан бұрын фамилиясымен атауым қалай? Бұл не, әдепсіздік пе, әлде шәкірттік парыз бен інілік ілтипатты ұмыту ма? Жоқ, бірі де емес. Бұл біріншіден, жасанды сөйлеуден, жалған сыпайысудан қашу; екіншіден, Қожакеев деген фамилияның шын мәнінде көп «..еєвтер» мен «..кеєвтерден» өзгешелігін, талай ұрпақтың ұғымына солай қалыптасып кеткендігін көрсетуге ұмтылу. Бұл үшін сөзді алыстан шиырмай-ақ қояйын, осы материалды оқып отырған кез келген менің әріптесіме біреу: «Не туралы екен?» десе, ол, сөз жоқ: «Қожакеев туралы» дейтініне мен сенемін. Өйткені, қырық жыл бойы журфакта дәріс оқыған, сыртқы, күндізгі бөлімдерге ұзақ уақыт декан болған, профессор Темірбек Қожакеев – журналист-тердің бірнеше буыны үшін баяғы ащы да тұщы, қатты да тәтті студенттік күндерінің естен кетпес естелігі. Әрбір жеке адамның ішкі болмысын түсінгісі келетін, түсінгеніне әділетті баға бере алатын, көлеңкеден гөрі күнгейіне жақын жүруді жөн көретін адамдарға: Қожакеев – құрмет иесі, білікті маман, принципіл азамат, үлкен ұстаз. Ал өзінен бұрын өзгені кінәлауға, ақтаудан гөрі даттауға, ірі ойдан гөрі кір ойға құмар кешегі кейбір шәкіртке: Қожакеев – қара тастай қатты, аш күзендей шақар. Ал менің жеке өзім үшін Қожакеев – ең алдымен, ұлттық намыс, сосын биік рух, ерекше мінез. Бірақ мен әуелден бұл пікірде болғам жоқ. Студент кезімде ол кісінің кейбір мінездерін өзім де «қаталдық» пен «шақарлыққа» балаған кезім көп. Жасырары жоқ, сол ой, сол пікірмен журфакты бітірдік. «Направлением» айдап жіберген Ұлан аудандық газетіне бармай, Жазушылар одағының шаруашылық жағына қара жұмысқа тұрдық. Қожакеевті ұмыттық. Бірақ... Қожакеевті мен ұмытқанмен «Әшімханьпты» ол ұмытқан жоқ екен. Сені іздеп жатыр дегенді естіп, құстай ұшып жеттік деканатқа.

«Әй, Әшімханьп, сені Жазушылар үйінде еден тазалап жүр дейді ғой», – деді ол кірген жерде көздері маған тік қадалып. АХО--ның бастығы Лесбек Нұрымбетовтың арқасында атым – жұмысшысы, затым жазушы боп жүріп жатқан жайым бар еді, оны Қожакеевке қалай айтам: «Уақытша ғой, аға», – дедім күмілжіп. «Әй, сені аудандық газетке жіберген Қожакеев емес – ЦэКа, білдің бе! Аудандық газетті менсінбесең де, ЦэКаны менсінетін шығарсың. Басты қатырмай бір жапырақ қағаз әкеле салмайсың ба?» – деді ол. Соңғы сөзі ұнады. «Қайда жіберсек, сонда кет, әйтпесе қаңғытып жіберем» десе не істер едім. Оған күші де, құқы да бар еді Қожакеевтің. Бірақ өйтпеді. Көп өтпей-ақ менен «бір жапырақ» қағазын алып тұрып: «Қазір қайда істеп жүрсің?» – деген. «Қазақстан пионерінде», – дедім. Үндеген жоқ. Ішім жылып қалды.

Алайда Қожакеевтің «қаталдығы» бұнымен есімнен мүлде шығып кетпеген. Ол кісіні әлде бір жерде кезіктіре қалсам, баяғы даусы құлақ

түбiмде жаңғырып қоя беретiн... «Бiз сенi не үшiн староста қойдық, Әшiмханып мырза, а?! Сабаққа келмеген сандалбайларды жасыру үшiн бе, әлде сабақ бiтпей сыраханаға қашыру үшiн бе? Сен Жаппарыпты жатақханада ауырып жатыр дейсiң. Ал мен бiлетiн Жаппарып қазiр Жамбылда жүр. Ауырып жатқан жоқ, ауылында жатыр, бiлдiң бе?.. (Маңдайымнан шып-шып тер шығады).

«... – Кеше 212-шi бөлмеде не болғанын айтшы кәне, Әшiмханып?!  
– ?

– Бiлмейсiң. Бiлмеген соң үндей алмайсың. Ендеше, мен айтайын. Сол бөлменiң жiгiттерi бiр-бiрiнiң ауызын шиедей қылған. Жатақханаға ие болатын – сен, түнгi сағат екiге дейiн онда жүретiн – мен. Сенен гөрi қотан шетiнде қалқайып тұратын қарақшы жақсы шығар, Әшiмханып!...»

Рас, бiрiншi курстың ортасында өзiнiң бiр ауылдасын старосталықтан босатып, орнына қайдағы бiр Алтайдан келген менi қойған да, төртiншi курста «академдемалыстан» келген маған заңға томпақ болса да бесiншi курстағылармен бiрдей 46 сом стипендиясын берiп, Идигов деген ингуш азаматы екеуiмiзге жатақхананы сенiп тапсырған да Темкеңнiң өзi едi. (Бұдан әрi Темкең деуiмнiң жөнi бар).

Темкеңнiң өзi демекшi, мына бiр оқиғаны айтпай кету арға сын... Үшiншi курстың екiншi жартысында Темкең менi деканатқа шақырып алды да: «Сенiң курсыңнан екi студенттi орталық ВУЗ-дарға (МГУ, ЛГУ) ауыстырудың ретi келiп тұр. Ведомостке қарасақ, сенi мен Әлiбекiптiң бағасы жоғары көрiнедi. Барасыңдар ма?» десiн.

Мен, әрине қуана келiстiм. Кейiн Әбдiмүтәл Әлiбеков ЛГУ-ге аттанып кеттi. Мен отбасынан шыға алмадым.

Темкең сонда қарына тартса, қалағанын өткiзiп жiберуiне толық мүмкiндiгi бар едi...

Бұнысымен де Темкең табиғатына жете бойлай алмағаным рас. Оның ретi кейiн, арада жетi-сегiз жыл өткенде түскен.

86--жылдың аяғы мен 87--нiң басы халқымыз үшiн өте ауыр күндер болғаны белгiлi. Мәскеуден келген жаңа басшы «жаңаша сыпыра» бастады. Дәлiрегiнде, өз күнi, өз мақсаты үшiн бауырындағы баласын да сатып жiберетiн мансапқор, жағымпаз, жандайшаптардың қолымен сыпырды. Оған алғы шарттың бәрiн республикадағы орыс тiлдi, орталықтағы «коммунистiк дiндi» баспасөздер жасады. Олардың түпкi, жымысқы мақсаттарының бiрi де бiрегейi – ел бiрлiгiн бұзу, қазақты қазаққа айдап салу, батыс, шығыс, орталық Қазақстанды оңтүстiк облыстарға қарсы қою болды. «Известияда» жарияланған Чепоткиннiң «Шырмауығынан» осындай иiс аңқып тұр едi. Оның түпкi мәнiн түсiнбеген, түсiнсе де жеке бастың мүддесi үшiн өз бауырына сойыл ала жүгiргендер әр төбенiң басынан қылаң бердi. Сол сойылдың басы Темкеңнiң де төбесiне жай отындай жарқ еттi. «Қожакеевтi де қайта тұрмастай сiлейтiп салды. Қызметiнен қақты. Баласын да жұмысынан қуды. Ендi ес жиып көрсiн» дегендер де болды. Бiрақ Қожакеевтiң «соққан сайын семiретiнiн» олар бiлген жоқ-ты. Ол жұрт

күткендей «сілейіп» те қалмады, «сүмірейіп» те кетпеді. Қалай дейсіз ғой? Бұған жауап ретінде өзім куәсі болған бір жайларды алға тартайын.

Тәңертең ертерек тұрып, Ленин проспектісінің шығыс жағындағы жіңішке сүрлеу жолмен күн сайын жүгіретін «жаман әдетім» бар еді. Бұл жерді, бұл жолды Терренкур деп атайды. Жиегінде сылдырлап сылқым өзен сыландайды. Осы өзеннің бойымен мен енді күн сайын таңсәріде Темкеңді кезіктіретін болдым. Ол кісі сонау етектегі «Россия» гастрономы жанындағы үйінен «Алатау» қонақ үйінің тұсына дейін бүлкектеп жүгіріп келеді де, су бойында біраз жаттығу жасап алып, қайтар жолда «Көктем» дүкенінің артындағы гаражына- соғып, ақ «Волгасына» қайқая мініп жүріп кететін. Күнде солай. Кезігіп қалғанда: «Ассалау...»,– деймін ізетпен. «Әллік...»,– дейді ол баяғы декан қалпымен. Дейді де бүлкектеп кете барады. Алпыстан асқан деп тіпті де ойламайсың. Қимылы ширақ, көзі отты, сөзі қашан да нық. Сосын кешке қарай Темкеңді тағы көремін. Жерді ойып жіберердей салмақтай басып, кеудесі мен басын тік ұстап, тәкаппар да маңғаз қалпымен Пушкин кітапха-насынан шығып келе жатады. Күнде солай.

Бірде Терренкурда кезекті кезігіп қалғанда: «Сен осы «Қазақ әдебиетінде» емессің бе?... Бүгін саған материал апарамын. Күт»,– деді бұйрық раймен. Ол – баяғы декан, мен баяғы студент сияқтымын.

Күттім. Материалы «Кім кінәлі?» деген екен. Отызыншы жылдардың ойраны. Баспасөзде бір-бірін кінәлаған, бір-біріне аямай кір жаққан қазақ зиялыларының сиқы. Мен екі мәселені түсіндім. Бірінші, Темкең бос уақытын зая жібермей, архивтер-ді ақтарып жатыр екен. Екінші, уақытша басына бұлт үйірілген Темкең өз тағдырына ұқсастықты тарихтан тауып жүр екен. Отызыншы жылдардың зобалаңына кім кінәлі? Көбінде өзіміз екенбіз. Енді осы сексенінші жылдардың сергелдеңіне кім кінәлі? Тағы да өзіміз екенбіз. Қожакеев материалының айтар ойы осы еді. Ол жарияланды. Бұдан кейін Темкең газетіміздің тұрақты авторына айналды. Қателеспесем, қаламгер Темірбек Қожакеевтің шығармашылық өміріндегі ең өнімді, ең жемісті жылдары, халыққа ең қажетті дүниелерді бере алған кезі сол «сойылдан» кейінгі аз жыл болса керек. Әбілқайыр Досов, Ғаббас Тоғыжанов, Сырғабеков, Міржақып Дулатов сынды көптеген қайраткер жөнінде толымды дүниелер оның қаламынан осы жылдары туған-ды. Дәл осы жылдары сағын сындырмай, намысын ешкімге бермей, қайрат-жігерін жасытпай, өршілдікпен алға ұмтылған адамды биік рух демей, не дейміз.

Енді Қожакеевтің қаталдығы туралы не айтасыз дейсіз ғой. Бүгінде жартылай бос аудиторияларды, барахолка, базарларда босып жүрген студенттерді, жатақханаларда жайрап жататын «көк мойындарды», оқытушы, профессорларды иықтан қағып өте беретін дүлейлерді көргенде... әттең, әр факультетке бір-бір Қожакеев керек-ақ деп ойлаймын.

Темке! «Әй, Әшімханып, әділін айт, шындықты айт. Бүгежектемей турасын айт!» деп отырушы едіңіз. Өзіңіз туралы осы мақалада шамамның келгенінше шындықты, әділдікті айтуға тырыстым. Кейбір тұстарда тілімді безеп жібергендей болсам, сізге аздап еліктейтінімді де жасыра алмаймын.

Айбатыңыздан, қайратыңыздан қайтпаңыз, Темке!

1996 ж.